ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 қыркүйек №4360-24-00-2/2080 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Досанова» атауымен әрекет етуші Досанова Айман Кеңесбайқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Досанова» атауымен әрекет етуші Досанова Айман Кеңесбайқызы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Досанова» атауымен әрекет етуші Досанова Айман Кеңесбайқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Досанова» атауымен әрекет етуші Досанова Айман Кеңесбайқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 10686 (он мың алты жүз сексен алты) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 2167 (екі мың бір жүз алпыс жеті) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 12.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.10.2024, судья Бержанов К. М., 21.10.2024
4360-24-3-1/2181

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 12.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.10.2024, судья Бержанов К. М., 21.10.2024